

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 207 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1131 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 657 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.08.2015 № 657 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Авариялық брони бар тұтынушыларды электрмен жабдықтау және электрмен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын беруіне арналған шығындарды өтеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 наурыздағы N 207 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 55-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау ережесі мен шарттарын бекіту туралы";

1-тармақта "Қоса беріліп отырған Авариялық брони бар тұтынушыларды электрмен жабдықтау және электрмен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын беруіне арналған шығындарды өтеудің тәртібі туралы ереже" деген сөздер "Қоса беріліп отырған Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау ережесі мен шарттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта ", индустрия және сауда", "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетімен" деген сөздер "және минералдық ресурстар", " Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4 және 5-тармақтар алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Авариялық брони бар тұтынушыларды электрмен жабдықтау және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын беруіне арналған шығындарды өтеудің тәртібі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Авариялық брони бар тұтынушыларды энергиямен жабдықтау туралы ереже мен шарттар

Осы Ережелер, электрмен ажыратып тастау адамдардың өмірі үшін қауіп тудыратын немесе апаттық немесе экономикалық зардаптарға әкеп соғатын Қазақстан Республикасының шаруашылық инфрақұрылым ұйымдары электр энергиясымен қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды және оны бергені үшін төлем жасаудың тәртібін белгілейді.

1. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар

Үздіксіз электрмен жабдықтау объектілері (бұдан әрі - ҮЭО) - оларды ажыратып тастау адамдардың өліміне, тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуына, апаттық экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарға апарып соғуы мүмкін, технологиялық себептеріне байланысты үздіксіз электрмен жабдықтауды қажет ететін шаруашылық инфрақұрылым объектілері.

Авариялық бронь - оны беру үздіксіз электрмен жабдықтау объектісінің ол үшін маңызы бар құрылғыларының жұмыс істеуін сақтайтын және тіршілікті қамтамасыз ету объектілері жұмысының бұзылуын, сондай-ақ апаттық экологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық зардаптарды немесе адамдардың өлімін болдырмайтын ең аз қажеттіліктегі электр қуаты.

Республикалық маңызы бар ҮЭО - мемлекеттік меншік нысанындағы үздіксіз электрмен жабдықтау объектілері, оларға авариялық бронь мөлшерлерінде электр энергиясын жеткізу осы объектілер үшін электр энергиясын тұтыну жөніндегі шығыстарға арналған сомалардың шегінде, республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті маңызы бар ҮЭО - тізбесін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бекітетін мемлекеттік меншік нысанындағы үздіксіз электрмен жабдықтау объектілері.

Электр энергетикасы объектілері жұмысының айрықша режимі - электр энергетикасы объектілерінде ірі технологиялық бұзылулар кезінде енгізілетін мәжбүрлі режим.

2. Авариялық броньмен қамтамасыз етілетін объектілер

1. Олар үшін авариялық бронның шамасы белгіленетін үздіксіз электрмен жабдықтау объектілерінің тізбесіне мыналар кіреді:
мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін объектілер;
теле-радиокоммуникациялар;
сумен жабдықтау, кәріз және жылумен жабдықтау кәсіпорындары;
емдеу мекемелері;
олардың ұсталуы бюджетте көзделген өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін объектілер.

2. ҮЭО объектілерінің тізбесіне енгізілген әрбір объект үшін энергиямен жабдықтаушы және/немесе энергияны беруші ұйымдар ҮЭО өкілімен бірлесе отырып, энергиямен жабдықтаудың авариялық және технологиялық броні актісін жасау тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес авариялық броннің актісін жасайды, онда авариялық броннің шамасы мен объектіні қоректендіру схемасы көрсетіледі.

Авариялық бронның актісі уәкілетті органға (жергілікті атқарушы орган) жіберіледі. Авариялық бронның актісі энергиямен жабдықтау шартына және/немесе электр энергиясын беру шартына міндетті қосымша болып табылады.

3. Уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) авариялық бронь актілерін алған соң тиісінше әрбір өңір үшін авариялық бронды жабуға арналған қажетті қуаттың жиынтық шамасын белгілейді.

4. Әрбір ҮЭО үшін авариялық бронның шамалары көрсетіліп ҮЭО тізбелері жүйе операторына беріледі.

3. ҮЭО объектілеріне арналған электр энергиясын берудің тәртібі

5. Әрбір ҮЭО қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті көлемдегі электр энергиясын жеткізуді электрмен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйым, белгіленген тәртіппен жасасылған, екіжақты шарттың негізінде жүзеге асырады.

Ш а р т ж а с а с у к е з і н д е :

мемлекеттік мекеме болып табылатын ҮЭО облыстық қаржы басқармасының осы мекеменің электр энергиясын тұтыну жөніндегі шығыстарына бюджетте көзделген қаражаты туралы жазбаша растау береді;

мемлекеттік кәсіпорын немесе өзгеше ұйым болып табылатын ҰЭО энергиямен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйымға Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен ресімделген банкілік кепілдемені береді.

Облыстық қаржы басқармасының жазбаша растауы және банкілік кепілдеме энергиямен жабдықтауға және электр энергиясы: беруге арналған шарттардың ажырамас бөлігі болып табылады.

6. ҰЭО электрмен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйымның берген электр энергиясы үшін шоттарына төлем жасамаған кезде электрмен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйым ҰЭО-ге электр энергиясын жеткізуді авариялық бронь деңгейіне дейін шектеуге құқылы, бұл туралы өзінің құрамында ҰЭО бар ұйымға кемінде 14 тәулік бұрын ескертеді.

7. Төтенше жағдайлар туындаған кезде (жер сілкінісі, су тасқыны, басқа да табиғи зілзалалар) ҰЭО-ге электр энергиясын жеткізуге арналған шарттық міндеттемелерді атқаруды электрмен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйым Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тоқтата тұруы мүмкін. Бұл жағдайларда электр энергиясын бөлу барлық электрмен жабдықтаушы және/немесе энергия беруші ұйымдар үшін міндетті болып табылатын оның нұсқауы бойынша жүзеге асырылатын болады.

8. ҰЭО-ге электр энергетикасы объектілері жұмысының айрықша режимі кезінде электр энергиясын жеткізу өңірдің авариялық бронын өтеу үшін қажетті электр энергиясы мөлшерін ҰЭО үшін жеткізуді қамтамасыз ететін энергия беруші ұйымдар әзірлеген схемалар бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

4. ҰЭО үшін электр энергиясын беру бойынша есеп айырысулардың тәртібі

9. Ажыратылмайтын объектілердің бекітілген тізбесіне кіретін ҰЭО үшін шарттар бойынша берілетін электр энергиясы үшін энергиямен жабдықтаушы ұйыммен есеп айырысулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасасылған екі жақты шарт негізінде жүргізіледі.

10. ҰЭО-нің электр энергетикасы объектілері жұмысының айрықша режимі кезеңіндегі авариялық бронды өтеуге тұтынылатын және/немесе берілетін электр энергиясы үшін есеп айырысуларды электр энергиясын іс жүзінде беруші жеткізуші жүргізеді.

11. ҰЭО авариялық бронь деңгейіне дейін шектеу жағдайы туындаған кезде, авариялық бронь бойынша тұтынылған және/немесе берілген электр энергиясы үшін есеп айырысулар:

мемлекеттік мекемелер үшін электр энергиясын тұтынуға арналған

шығыстарда көзделген бюджеттік қаражаттың есебінен;
мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдар үшін - жасасылған
шарттардың және банкілік кепілдеменің шеңберінде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК